

**Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 19 ақпандағы N 84 "Ең аз және ең аз зейнетақыдан төмен алатын зейнеткерлерге, сонымен қатар жалпы аурудан I, II, III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 108 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 21 мамырда N 3-8-86 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2011 жылғы 3 ақпандағы № 219 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2011.02.03 № 219 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік Кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Ең аз және ең аз зейнетақыдан төмен алатын зейнеткерлерге, сонымен қатар жалпы аурудан I, II, III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 19 ақпандағы № 84 аудандық мәслихаттың шешіміне (№ 3-8-80 тіркелген, 2008 жылғы 18 наурыздағы "Мәртөк тынысы" № 12 газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Шешімнің атауында, 1 тармағындағы "сонымен қатар жалпы аурудан I, II, III топтағы мүгедектерге" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
М.Ордабаев*

*Аудандық мәслихат хатшысы  
А.Смағұлов*